

**"Мемлекеттік мекемелердің теңгерімінде тұрған аудандық коммуналдық меншіктегі объектілерді мүлкітік жалдауға (жалға) берудегі жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесімен қолданылатын коэффициенттер мөлшерін бекіту туралы" Аудан әкімдігінің 15 шілде 2009 жылғы N 591 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 1272 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 17 қаңтарда N 10-9-184 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы N 1790 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2012.01.20 N 1790 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 1-тармағын, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік мекемелердің теңгерімінде тұрған аудандық коммуналдық меншіктегі объектілерді мүлкітік жалдауға (жалға) берудегі жалдау ақысының есеп айырысу мөлшерлемесі мен қолданылатын коэффициенттер мөлшерін бекіту туралы" Аудан әкімдігінің 15 шілде 2009 жылғы N 591 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2009 жылдың 24 тамызында N 10-9-92 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2009 жылғы 05 қыркүйектегі N 83-84 /7699-7700/ санды шығарылымында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ алынып тасталынсын;

3-тармақтағы "С.Сермағамбетовке" деген сөздер "К.Мубараковқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

қаулы мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі."

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**АУДАН ӘКІМІ**

**Н. НӘЛІБАЕВ**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК